

**Коммуникативтік  
дағдыларды дамытуға  
арналған дидактикалық  
оындар картотекасы**  
**№1**



**1**

**Дидактикалық ойын: «Жануарларды қалай күту қажет?»**

**Мақсаты:** Балаларды жануарларға қайырымдылықпен қарайды. Үй жануарларын ажыратады.

**Ойын шарты:** Балаларға үй жануарларының суреттері таратылып беріледі. Әр бала сурет бойынша үй жануары туралы білетінін немесе өз ойын білдіреді.

- Жануарларға қалай қарау керек, қандай қарым-қатынаста болу ережесін құрайык:

Жануарларды жақсы көру керек.

Жануарларды күту керек.

Уақытында тамақтандырып, серуенге шығарып отыру керек.

Олармен ойнау керек.



Оларды ызаландыруға, аяқпен тебуге, ауыртуға болмайды

**2**


**Дидактикалық ойын: «Бұл қандай құс?»**

**Мақсаты:** белгілі бір ерекшеліктеріне қарай құстардың суреттейді және оларды ажырата алады.

**Ойын барысы:** Жүргізуші қарлығаш пен тоқылдақтың суреттерін балаларға көрсетіп, әр қайсының ерекшелігін суреттеп беруді ұсынады. Балалар бұл құстардың ерекшелігін суреттеп, аттарын атайды. Бұл құстарды тағы қалай атауға болады? Олардың қандай пайдасы бар? (тоқылдақ орман дәргері, қарлығаш адамның досы)







**3**

**Дидактикалық ойын: «Не артық?»**

**Мақсаты:** Балаларды суретке қарап, оларды топтастыра алады




**Ойын барысы:** Үлгідегідей әр түрлі берілген суреттерден не артық екенін табады. Берілген суреттерді топтастырып, оларды жалпы атауын айтады. Неліктен артық екенін түсіндіреді. Жеке мен жалпы ұфым туралы түсініктерін бекітеді.


**4**

**Дидактикалық ойын: «Қыс мезгіліне не керек?»**

**Мақсаты:** Балаларға қысқа қажетті заттарды атай алады.

**Ойын шарты:** Қыс мезгілінің суретінің жанына, қыс мезіліне қатысты суреттерді ілу.







**5**

## **Дидактикалық ойын: «Мамандықтың бәрі жақсы»**

**Мақсаты:** Балаларды әр түрлі мамандықпен танысады, енбекті құрметтеуге дағдыланады,

**Көрнекіліктер:** әр түрлі мамандықтар суреттері




**Ойын барысы:** суреттер тақтаға іленеді. Бала өзі қалаған мамандығын қарап алады да, сол мамандық туралы әңгімелейді. Неге ұнататынын, қандай жақсылығы барлығын әңгімелейді.



**6**

## **Дидактикалық ойын: «Бұны қай кезде киеді?»**

**Мақсаты:** әр жыл мезгілінде қандай киімдер киетінін ажырата алاد

**Ойын шарты:** суреттегі киімдерді қай мезгілде киетіндігін айтқызу.





7

## **Дидактикалық ойын: «Өзім және отбасым»**

**Мақсаты:** отбасы мүшелерін таниды, қадірлейді..

**Ойын шарты:** суреттер бойынша әнгіме жүргізу.  
Отбасындағы ата мен әже, ата - баба болып келеді,  
әкен мен шешен, ата - ана. Ал әпке, аға, ата - ана,  
балалар отбасының мүшелері болады.


8

## **Дидактикалық ойын: «Жақсы әдет» пен «Жаман әдет»**

**Мақсаты:** Балаларды «жақсы» «жаман» сөздерінің мағынасы мен оларды орынды қолданады.

Адамгершілікке үйренеді **Ойын шарты:** Столдың үстінде бірнеше суреттер жатыр. Сол суретті алыш, суреттегі іс - әрекетің не туралы екенін айтыш «жақсы» немесе «жаман» іс - әрекетін ажыратыш айтады.









Весна. Помощь взрослым



Кухня

**9**

## **Табиғат құбылыстарын ата**

**Мақсаты:** Табиғатта болатын өзгерістерді, олардың жыл мезгілдерін сипаттайтыны ерекшеліктерді айта алады

**10**


## **«Көңіл күйді көрсету»**

Ситуациялық көрініс (сахналау)

- Сыйлаған гүл шоғын қабылдау кезіндегі қуаныш.
- Жақын адамыңмен кездесу кезіндегі шаттық
- Достарыңмен қоштасу кезіндегі мұн
- Өз досыңың жетістігіне мақтаныш
- Өзіңнің жіберіп алған қателігіңе реніш.

«Менің көңіл – күйім қандай?» мұнда ортаға бір бала шығып, өз көңіл-күйін мимикамен, түрлі қимыл-қозғалыстар арқылы көрсетеді. Қалғандары оны тауып айтады.













## **«Артық сөзді тап» ойыны**

Мұнда балаларға суреттер сериясы беріледі. Әрбір серия 4 суреттен тұрады, оның 3 суреті бір текстес және оларға тән ортақ қасиет бойынша біріктіріледі де 1 сурет алып тасталынады. Суреттер сериясы

1. әке, ана, дәрігер, апа
2. нан, сұт, ірімшік, қаймак.

**11**

## **«Төлің тап»**

**Мақсаты:** Үй жануарлары туралы білімдерін кеңейеді, олардың төлдерімен танысады

**Шарты:** Үй жануарларының төлдерін тауып сзықтар арқылы қосады

**12**





## **Бау-бақша ойыны**

**13**

**Мақсаты:** жеміс пен көкеністін айырмашылығын таба алады

**Ойын шарты:** Үстелге муляждарды немесе нақты жемістер мен көкөністерді қояды. Оның қасына екі себет қояды, бірін көкөністерге, екіншісін жемістерге салады. Балаға бір затты бір-бірден алып, оны себетке салу керек: «Өрік - жеміс, өйткені ол ағашта өседі» және т.б.

## **«Не қайда жатыр?»**


**14**

**Ойынның мақсаты:** Баланың ой өрісін кеңейеді, ойлау қабілетін дамиды.

**Ойынның мазмұны:** Тәрбиеші балаларға кез келген затты айтады. Ойынға қатысқан балалар сол заттың қайда жатқанын анықтап, сипаттайды.







**15**

## **«Дүкен»**

**Ойынның мақсаты:** Балаларды рөлдерге бөлініп, сол рөл бойынша әрекет жасай алады.

**Ойынның мазмұны:** Бір баланы сатушы етіп, қалған балалар сатып алушы болып ойнайды.


(Мысалы, Сатушы «Келіңіз, сізге не керек?» деген сөздерімен және сатып алушылар «Рахмет» сияқты мейірімді сөздерді қолдана білуге үйрету).

**16**

**Ойынның мақсаты:** Ыдыс аяқ түрлерін ажыраты алады.

**Ойынның мазмұны:** Тәрбиеші ыдыс аяқтың суретін береді. Балалар ол ыдыс аяққа не салатынын айтады мысалы: қантты қант салғышқа және т.б.





## «Кім? Не?» (зат есімдер)

17

**Ойынның мақсаты:** Жанды жансыз заттарды ажырата алады.

**Ойынның мазмұны:** Балаларға суреттер беріледі. Балалар ол суреттерде не бейнеленгенін және оның жанды не жансыз екенін айтады. Жанды болса кім?, жансыз болса не? Сұрағы қойылады.



## «Керісінше айт»

18


**Ойынның мақсаты:** Антоним сөздерді дұрыс айтуға үйренеді.

**Ойынның мазмұны:** Тәрбиеші балаларды шеңберге тұрғызады да допты лақтырып кез келген сөзді айтады. Балалар сол сөзге керісінше сөзді айтады. Мысалы: ақырын-жылдам, суық-ыстық.

Өлі табиғат



Тірі табиғат



**19**

## «Сөз қос»

**Ойынның мақсаты:** сөзге сөз қосып, сөйлем құрастырта алады

**Ойынның мазмұны:** балаларды еki топқа бөлік өткізуге болады. Тәрбиеші сөз айтады, балалар сөзге сөз қосып, сөйлем құрайды.

**20**

## «Сиқырлы суреттер»

**Ойынның мақсаты:** балалардың логикалық ойлау қабілеті, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту.

**Ойынның мазмұны:** Балалар алдарындағы үлгі бойынша бөлінділерден сурет құрайды. Сурет бойынша әңгіме құрауды ұсынады.

